КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 5- қыркүйек Іс №1513-23-00-2/1587 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.М.Утепбергенова,
сот отырысының хатшысы Х.К.Уразова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Теннистен облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Бахытгүл Талғатқызы Таңатар («Таңатар»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 12 сәуірде №60 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 1569 теңге 2023 жылдың 24 сәуірде енгізілген.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде жалпы сомасы 52 300 теңгеге тауар жекізуге міндеттенген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2023 жылдың 6 мамырға дейін болып табылады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін тиісті орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 1412 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі жазбаша арызында талапты қуаттап, сот отырысын қатысуынсыз қарауды сұраған.

Тиісті түрде сот отырысының уақыты мен күні хабарланған жауапкер белгісіз себептермен сот отырсына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 6-бөлігінің (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауға ұйғарды.

Прокурор талап қою толық қанағаттандыруға жатады деп жазбаша қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тапсырыс беруші веб портал арқылы өтінімін 2023 жылдың 21 сәуірінде берген, өнім беруші 15 күннен кешіктіріп 2023 жылдың 16 мамырында жеткізілген тауары техникалық сипаттамаға мүлдем сай келмейтіні туралы хабардар болды. Атап айтқанда теннис торына арналған орталық таспа орнына үстел теннисіне арналған торды жеткізген.

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 06.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Утепбергенова С. М., 18.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тапсырыс беруші веб-портал арқылы қабылдау актісіне себептері көрсетіле отырып тапсырыс берушімен шарт талаптарының сай келмейтін тауарды қабылдаудан бас тартылғаны орын алды.

Жауапкер сәйкессіздіктерді жоюға ешқандай шаралар қабылдамады.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес (әрі қарай–АПК) сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Сот өндірісі

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 06.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Утепбергенова С. М., 18.10.2023

1513-23-3-1/1557

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 6 мамырдан 2 маусым аралығында (52300 теңге х 0,1% х 27 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін 1412 теңгені сот дұрыс деп санайды.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Теннистен облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы қанағаттандырылсын.

Бахытгүл Талғатқызы Таңатар («Таңатар») жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын,

Бахытгүл Талғатқызы Таңатар («Таңатар») жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1412 (бір мың төрт жүз он екі) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Бахытгүл Талғатқызы Таңатар («Таңатар») жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет пайдасына 1767 (бір мың жеті жүз алпыс жеті) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.М.Утепбергенова**

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 06.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Утепбергенова С. М., 18.10.2023

1513-23-3-1/1557

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 06.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Утепбергенова С. М., 18.10.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1513-23-3-1/1557